



**БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ- IQAA**

**СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ
ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП
ЖШС «СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ**

**7M01701 ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПЕДАГОГТАРЫН
ДАЯРЛАУ/6M011700 ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ**

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ АККРЕДИТАЦИЯСЫ

Нұр-Сұлтан қ. – 2020ж

ЭКСПЕРТТІК ТОП



Коржумбаева Марал Беркеловна

Топ жетекшісі

“Болашақ” академиясы, “Педагогика және психология”
кафедарасының меңгерушісі, п.ғ.к.



Асанова Дария Нургасовна

Эксперт

Е.А. Букетов атындағы Қарағанды университеті, «Ағылшын
тілінің теория және әдістемесі» кафедрасының доценті, п.ғ.к.



Кияхметова Шара Асетовна

Эксперт

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, «Қазақ
тілі» кафедрасының доценті, ф.ғ.к.



Бекенова Меруерт Садуовна

Жұмыс берушілер өкілі

№2 Ш. Уалиханов атындағы жалпы орта мектеп директорының
оқу ісі жөніндегі орынбасары



Абдашим Данияр Сахибжанулы

Студенттер өкілі

«Ағылшын» мамандығының 4 курс студенті, М. Әуезов
атындағы ОҚМУ

*Әр стандарт бойынша 7М01701Қазақ тілі мен әдебиеті
педагогтарын даярлау білім беру бағдарламаларының өзін-өзі
бағалау есебінің нақты деңгейге сәйкестігі*

Стандарттар	Әр стандарт бойынша өзін-өзі бағалау есебінің нақты деңгейге сәйкестігін белгілеңіз			
	Толық сәйкестік	Елеулі сәйкестік	Ішінара сәйкестік	Сәйкес келмейді
<i>Стандарт 1</i> Білім беру бағдарламаларының мақсаттары және сапаның қамтамасыз ету саласындағы саясат	+			
<i>Стандарт 2</i> Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару		+		
<i>Стандарт 3</i> Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау	+			
<i>Стандарт 4</i> Студенттерді қабылдау, үлгерім, таны және сертификаттау	+			
<i>Стандарт 5</i> Профессорлық – оқытушылық құрам	+			
<i>Стандарт 6</i> Оқу ресурстары және студенттерді қолдау	+			
<i>Стандарт 7</i> Жұртшылықты ақпараттандыру	+			

Мазмұны

1 ТАРАУ. МАНМӘТІН МЕН САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ

Кіріспе.....	5
ЖОО-ның негізгі сипаттамасы.....	5

2 ТАРАУ. САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ

Мамандарылған (бағдарламалық) аккредиттау стандарттарына сәйкестік	
Кіріспе.....	6
<i>Стандарт 1</i>	
Білім беру бағдарламаларының мақсаттары және сапанын қамтамасыз ету саласындағы саясат.....	7
<i>Стандарт 2</i>	
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару.....	11
<i>Стандарт 3</i>	
Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау.....	15
<i>Стандарт 4</i>	
Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау.....	21
<i>Стандарт 5</i>	
Профессорлық – оқытушылық құрам	23
<i>Стандарт 6</i>	
Оқу ресурстары және студенттерді қолдау	27
<i>Стандарт 7</i>	
Жұртшылықты ақпараттандыру.....	30

3 ТАРАУ

ҚОРЫТЫНДЫ	31
------------------------	----

ҚОСЫМШАЛАР

<i>Қосымша 1</i>	
Сыртқы бағалаудың бағдарламасы	33
<i>Қосымша 2</i>	
Сұхбатқа қатысқандардың тізімі	35
<i>Қосымша 3</i>	40
ЖОО-да қосымша қарастырылған құжаттар.....	

1 ТАРАУ. МАНМӘТІН МЕН САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ

Kіpіcne

Сырдария университетінің мамандандырылған аккредиттеу процедурасы шеңберінде сарапшылар тобының сыртқы іс-сапары 2020 жылғы 12-13 қазан аралығында өтті.

Сыртқы аудит НАОКО жасаған және университет әкімшілігімен келісілген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Жұмысқа қажетті барлық материалдар (іс-сапар бағдарламасы, университеттің білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебі, мамандандырылған аккредиттеу процедурасы бойынша сыртқы бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық) сараптама тобының мүшелеріне білім беру ұйымына барар алдында таныстырылды, бұл сыртқы бағалау процедурасына уақытылы дайындалуға мүмкіндік берді.

Университет басшылығымен кездесу сарапшылар тобына университеттің жалпы сипаттамасын, соңғы жылдардағы жетістіктер мен білім беру бағдарламаларын және жалпы университеттің даму перспективаларын алуға мүмкіндік берді.

Сыртқы сапарда жоспарланған іс-шаралар университеттің құрылымымен, оның материалдық-техникалық базасымен, кафедра профессор-оқытушылар құрамымен, студенттермен, магистранттармен және докторанттармен, университеттің түлектерімен, жұмыс берушілерімен толығырақ танысуға ықпал етті және сыртқы сарапшыларға білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебінің деректерінің нақты сәйкестігін тәуелсіз бағалауға мүмкіндік берді.

Университеттің білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебінде көптеген ақпарат бар, мұнда университеттің барлық бағыттары мен құрылымдық бөлімшелері мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкес талданады, күшті және әлсіз жақтары анықталады, қауіп-қатерлер мен одан әрі дамудың мүмкіндіктері анықталады.

Оқу, ғылыми-әдістемелік процестерді, материалдық-техникалық және оқу-зертханалық базаларды ұйымдастыру туралы жалпы түсінік алу, оның стандарттарға сәйкестігін анықтау, сондай-ақ олардың жұмыс орындарында студенттермен және қызметкерлермен байланыс орнату мақсатында визуалды тексеру жүргізілді. Сарапшылар бөлімдерді, бөлімдер мен орталықтарды, кітапхана, фельдшерлік-акушерлік пункт, спортзал, жазғы спорт алаңы және денсаулығына байланысты студенттерге арналған жаттығу бөлмелерін және т.б. қарап шықты.

Сыртқы аудитті өткізу барысында сарапшылар кафедралардың құжаттамасын зерделеді және жұмыс барысымен, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етумен толығырақ танысу мақсатында аккредиттелген бағдарламалар бағытындағы кездесулерге қатысады.

Университеттің негізгі сипаттамалары

«Сырдария» университеті жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 1998 жылдың 27-ші шілдесінде Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің №408 бұйрығымен құрылған. 1998 жылдың 5-наурызында Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті, Мақтаарал ауданының Әділет басқармасында заңды тұлға ретінде тіркелді. 2002 жылы 12-ақпанда Білім берумен шұғылдануға арналған ААН 000169 сериялы лицензиясы, 2010 жылы 28-қыркүйекте жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметін жүргізу құқығы беріліп, АБ№ 0137474 сериялы лицензия негізінде қызметін атқаруда. Университет ректоры қызметін Мамраимов Серік Дәулетұлы атқарады. «Сырдария» университеті мемлекеттік лицензияға сәйкес мемлекеттік тапсырыс және ақылы негізде күндізгі, қашықтықтан оқыту қысқартылған нысандары негізінде білім беру қызметін көрсетеді.

Университетте 5 оқу ғимараты, өндірістік практика өткізуге арналған инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы, жылыжай, 4 кітапхана, 500 орындық «Студенттер сарайы», 320 орындық жатақхана бар.

Университет білім алушыларының оқу, әдістемелік, ақпараттық, анықтамалық материалдар, өзіндік тапсырмалар орналасқан білім беру порталына кіру үшін өздерінің есептік жазбалары бар. Профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер Platonus, Cisco Webex және Instagram, WhatsApp және Facebook Messenger платформалары арқылы қашықтықтан оқыту жүйесін жүзеге асырады және студенттермен ұдайы кері байланысты ұйымдастырады тексеру барысында анықталды.

Заңды және нақты мекен-жайы

160500 Қазақстан Республикасы,

Жетісай қ., К. М.Әуезов, 14.

Телефон: 8 (72534) 6-14-63, 6-14-27

Факс: 8 (72534) 6-14-63, 6-20-08

Электрондық пошта: info@sirdariya.kz, sirdariya@gmail.com.

2 ТАРАУ. САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ

КІРІСПЕ

Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының магистранттарын дайындайтын 7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау/6М011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы 2010 жылы 28 қыркүйекте жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметін жүргізу құқығы беріліп, АБ № 0137474 сериялы лицензия негізінде мамандар дайындап келеді.

7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау/6М011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын «Филология» кафедрасы жүзеге асырады. Қазіргі таңда кафедра меңгерушісі қызметін философия докторы (PhD) М.А.Нұрбек атқаруда.

«Филология» кафедрасы 10 жыл ішінде білім беру, материалдық-техникалық база, ғылыми кадрлық әлеует жағынан заман талабына сәйкес толықтырылған. Кафедра оқытудың жаңа инновациялық технологияларын қолданысқа енгізіп, ғылыми зерттеулерді, сапалы білім беруді іске асыруда. ББ түлектері еңбек нарығында бәсекелестікке ене отырып, Қазақстанның білім жүйесінің кез келген шегінде алдыңғы қатарда қызмет етуде.

7M01701-Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау/6M011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының басты мақсаты – магистранттардың өз әлеуетін көтеруге әсер ете отырып, ЖОО-ның халықаралық және республикалық деңгейде алдыңғы қатардан көрінуі үшін өмір бойы білім алу біліктілігін дамыту. Қойылған мақсаттар нақты, анық тұжырымдалған және білім беру талаптарына толық сәйкес келеді.

Жоғары оқу орнының талаптарына сай және оқу-әдістемелік, ғылыми деңгейді жоғарылату мақсатында кафедра оқытушылары Абай атындағы ҚазҰПУ, М.О. Әуезов атындағы ОҚМУ (Шымкент қ.), Қыздар ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ.), М.Өтемісұлы атындағы БҚМУ (Орал қ.), ОҚМПУ, Махмуд Қашқари-Барсқани атындағы Шығыс университеті (Қырғызстан Республикасы, Бішкек қ.) Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетімен ғылыми байланыс орнатқан.

7M01701-Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау/6M011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын мамандандырылған аккредиттеуден өткізумен байланысты өзін-өзі бағалау есебін дайындау барысында қажетті мәліметтер БСҚА-ның (ІҚАА) жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын аккредиттеу нұсқауына сәйкес жүйеленді.

ПОҚ-тың құрамы сапалы, біліктілік деңгейі ғылыми дайындық талаптары мен атқаратын қызметтеріне сай, ғылыми дәрежелері мен атақтары білім беру бағдарламасына бейінді. *ПОҚ-тың ғылыми әлеуеті - 100 %*. ББ –на сабақ беретін ПОҚ саны -7, оның 5-уі ғылым кандидаты, 2-уі PhD докторы).

Магистранттар континенті: барлығы - 26 магистрант, оның 1-і грант; 25-і ақылы негізде.

СТАНДАРТ 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

7M01701-Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау/6M011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының өзін-өзі бағалау есептері төмендегі стратегиялық құжаттар негізінде дайындалған: Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 04.07.2018 ж. жағдайы бойынша); Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылдың 30 қазанындағы №595 қаулысымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелері (Қазақстан Республикасының әділет Министрлігінде 2018 жылдың 31 қазанында

№17657 тіркелген); ҚР Үкіметінің 13.05.2016 ж., № 292 Қаулысы редакциялауында 23.08.2012 ж. №1080 ҚР МЖМБС мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты; Қазақстан Республикасы БЖҒМ 2018 жылғы 31 қазанындағы №604 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ҚР МЖМБС; Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру Ережелері (Қазақстан Республикасы БЖҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген) (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 12.10.2018 ж. №563 жағдайы бойынша); Қазақстан Республикасы БЖҒМ 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығымен бекітілген (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 29.09.2018 ж. № 521 жағдайы бойынша).

«Филология» кафедрасының миссиясы университеттің миссиясына сәйкес: қазіргі қазақ тілі мен әдебиеттану ғылымы саласында толыққанды және сапалы педагогикалық зерттеулер жүргізе отырып, оқу үдерісіне инновациялық технологиялар және зерттеулер нәтижесін енгізу, танымдық-ақпараттық қызмет әдістерін жете меңгерген, өзін-өзі тұлға ретінде таныта алатын бәсекеге қабілетті жаңа формациядағы маман дайындау. Қойылған мақсаттар нақты, анық тұжырымдалған және білім беру талаптарына толық сәйкес келеді.

Білім беру бағдарламасын одан әрі дамыту және жұмыс берушілердің негізгі талаптарын орындау мақсатында білім беруді іске асыруды жоспарлау және оны жүзеге асыруға қажетті ресурстарды бөлу ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі «Сырдария» университетінің 2020-2025 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарына (Ғылыми кеңестің мәжілісінде қаралып, бекітілді, №8 хаттама, 26 ақпан 2020 жыл) сәйкес орындалып жатқандығы, білім беру бағдарламалары өз қызметінде Университеттің Ғылыми кеңесімен бекітілген «Академиялық саясатты» басшылыққа алатындығы сыртқы аудит барысында расталды.

ББ университет пен факультеттің міндеттерін, қоғамның зияткерлік, әлеуметтік сұраныстарын, оқу орнын бітірушілердің заманауи нарықтық қатынастардағы өнімді кәсіби әрекетін, олардың өз бетімен өмір сүруін анықтайтын жеке тұлғалық сипаттары мен құзыреттіліктерін есепке ала отырып жасалған.

Білім беру бағдарламасын жетілдіру мен түзету жұмыстарында жүйелілік принципі басшылыққа алынатындығын жыл сайын Ұлттық білім және жоғары білімнің Еропалық стандарты аясында жүргізілетін іс-шаралар жоспары айғақтайды. Білім беру бағдарламасының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатын мониторингтеу, тиімділігін бағалау, қайта қарау әдісі ретінде, университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелерінде үнемі сауалнама жүргізілетіндігі, оның нәтижелері және кері байланыс түрлері талданып отыратындығы да расталды.

«Филология» кафедрасының 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында кафедраның даму стратегиясы, мақсат-міндеті, қызметі мәселелері, кафедра құрылымы, магистрант контингентін қалыптастыру, білім беру сапасын арттыру, академиялық ұтқырлық және халықаралық байланыс, ғылыми-зерттеу, тәрбие бойынша бірнеше бағыттарда іс-шаралар белгіленген.

ББ-ның құрылымы модульдік қағидаға негізделгендігі, «Педагог» кәсіби стандартына, «Педагог мәртебесі туралы» заң жобасына, Дублин дескрипторларына, Ұлттық және Еуропалық біліктілік шеңберіне негізделген құзыреттілікке арналған оқу нәтижелерін қамтитындығы, Стратегиялық даму жоспарына сәйкестігі, «Академиялық саясатты» басшылыққа алатындығы сыртқы аудит барысында расталды.

ЖОО-ның корпоративтік мәдениеті серіктестік, академиялық еркіндік және адалдық, университеттік дәстүрлерді сақтау және нығайту принциптеріне негізделген, бұл магистранттарды бәсекеге қабілеттілік, кәсіби құзыреттілік, жеке және азаматтық жауапкершілік рухында тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

ЖОО басшыларымен, декан, кафедра меңгерушілерімен, профессор-оқытушы құрамымен, студент-магистранттармен, түлектермен және жұмыс берушілермен сұхбат жүргізілді. Сұхбат нәтижесінде жалпы білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуына қанағаттану деңгейі байқалды.

Университетте магистранттардың білім беру қызметінің сапасына қанағаттануы жайлы сауалнама жүргізу шаралары жүйелі түрде жүргізіліп тұрады. Оқытушының оқу үдерісіндегі білім деңгейі мен кәсіби дәрежесін бағалауда «Магистранттардың оқу үдерісіндегі білім беру сапасына қанағаттануы», «Оқытушы магистрант көзімен», «Қызметкерлердің қанағаттандырылуы» т.б. бағытындағы сауалнамалар жүргізіледі, соның нәтижесінде университеттен алған біліміне, магистранттық өмірге қанағаттанатындығын байқауға болады. Сауалнама нәтижелері білім берудің әрбір элементі туралы пікірді қалыптастыру үшін объективті пікір болып табылады. Сауалнамаға білім беру бағдарламасының барлық курстарының магистранттары қатысты. Мониторинг <http://www.sirdariya.kz> нәтижелеріне талдау жасалынған (Қосымша 6).

7M01701-Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау/6M011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының стратегиялық менеджменті мамандық бойынша білім берудің барлық үдерісін қамтиды және бағдарламаның ұзақ мерзімді жетістігіне әрі тұрақты болуына бағытталған. ББ қоғам мен еңбек нарығы сұраныстарына орай қайта қаралып тұрады.

«Филология» кафедрасының ғылыми әлеуетін көтеру, кафедра құрылымын анықтау, магистранттар контингентін қалыптастыру, білім беру сапасын жүйелі түрде арттыру, академиялық ұтқырлық және халықаралық байланыстар орнату, ғылыми-зерттеу мен тәрбие жұмыстарын жүргізу жүйелі жолға қойылған.

Оқуға қабылдау шараларының нормативті талаптары, кәсіби бағдар жұмысының түрлері, тұтынушыларды университеттің академиялық мүмкіндіктері туралы хабардар етуі, әлеуметтік қолдау механизмдері, атап айтқанда оқу ақысын төлеудегі жеңілдіктер, жатақханаға орналасудағы қолжетімді тарифтер, студенттерге арналған тұрмыстық кешен қызметтерін ұсынуы, тұрақты түрде кәсіби бағдар жұмысы атқарылатындығы студенттердің контингентін қалыптастыру саясаты жолға қойылғандығын көрсетіп отыр. ББ-ның басты бағыттары өзінің негізінде филология ғылымдарының заманауи талаптарына және де қоғамның әлеуметтік сұраныстарына жауап береді.

Білім алушылардың ПОҚ ұсынған пәндерді ғылыми-шығармашылық бейімділігіне, қызығушылық бағыттарына қарай еркін таңдауларына толық мүмкіндік бар. Сонымен қатар оқитын пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін және анықтамалық сипаттағы т.б. материалдарды, іс-тәжірибеден өту барысында жасалатын жұмыс жөніндегі нұсқаулық материалдарды, сондай-ақ электронды кітапхана ресурстарын пайдалануға, өз беттерінше ізденуге, оқытушылармен еркін пікір алмасуға, яғни оқытушылардың ғылыми әрі педагогикалық әлеуетін тиімді пайдалануға толыққанды жағдай жасалған.

Әрбір үйренушіге білімді игеруге, жеке шығармашылық қабілетін белсендіруге және дамытуға қолайлы жағдай туғызып, ақпараттық-білімдік ортаға қолжетімділік жасалынған. On-line және off-line режимі түрінде кеңес беру (видеоконференция, чат, телефон арқылы сөйлесу), (электронды пошта, тапсырма бойынша оқулықпен жұмыс, т.б.) өткізіледі. Магистранттар үшін қажетті оқу-әкімшілік және оқу-әдістемелік ақпараттарға қолжетімділікті <http://www.sirdariya> арнайы сайт беттері, «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі қамтамасыз етеді.

Оқу жылының көлемінде кафедра магистранттардың мәнсабының мониторингісін өткізеді және бітірушілер туралы мәліметтер қорын құрып, үнемі жаңартып отырады. Жыл сайын белсенді іс-шаралар ұйымдастырылады, бітірушілерді жұмысқа орналастыру бойынша сауалнама-келісім ұсынылады және бос орындарға жәрмеңке ұйымдастырылып, өткізілген.

Университетте білімалушыларға, қызметкерлерге және мүдделі тараптарға бағытталған көп арналы кері байланыс жүйесі бар. Кері байланыстың негізгі формалары: әр академиялық ғимаратта орналастырылған шағымдар мен ұсыныстар жәшіктері түрінде ректорға жолдау; виртуалды қабылдау бөлмесі, оның құрамына ректор блогы, бағыт бойынша проректорлардың блогтары, кафедра меңгерушілерінің блогтары және мансаптық бағдарлау блогы кіреді; университет сайтындағы форум; тұтынушылардың мониторинг жүйесі; шағымдар мен ұсыныстарды қарау жүйесі.

Сыртқы аудит кезінде жалпы оқу корпусы, кітапхана қоры, жатақхана, іс-тәжірибе базасы, асхана, спорт зал, медпункт, тіркеу бөлімі, ғылыми-зерттеу институты, оқу аудиториялары, кафедра, қызмет көрсетуші бөлімдер

онлайн қаралып шықты. Мамандықты даярлаушы ПОҚ-тың жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейі, материалдық-техникалық база, кітапхана қоры мен ақпараттық қор маман дайындауға мүмкіндік береді.

Университеттің білім алушыларға қатысты саясаты білім алушылардың түрлі санаттарына (материалдық жағдайы жоқ, физикалық мүмкіндігі шектеулі студенттерге) лайықты білім алуға мүмкіндік береді. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көру қабілеті және есту қабілеті нашар мүгедектерге оқу кезеңінде әлеуметтік қолдау көрсету жүйесі жұмыс істейді.

Кафедраның инфрақұрылымын дамытуға және қолдауға, оқу зертханалық жабдықтарын жаңартуға жоспарлы түрде қаражат бөлініп отыратындығы қосымшада талданып көрсетілген.

Білім беру бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етудің материалдық-техникалық және кадрлық әлеуеті университеттің миссиясына сәйкес келеді, үнемі жаңартылып отырады, оқыту процесінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын және білімалушылардың тәжірибелерін орындауға мүмкіндік береді. Ақпараттық-коммуникациялық ресурстар бірыңғай ақпараттық жүйеге біріктірілген, жоғары жылдамдықты байланыс бар және осы білім беру бағдарламасына сәйкес келеді. Жалпы, КБ жеткілікті және даму жоспарына сай екенін атап өтуге болады, оның ішінде: кадрлық әлеует, материалдық-техникалық база, ақпараттық және қаржылық ресурстар.

Білім беру бағдарламасының бірінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

СТАНДАРТ 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ, БЕКІТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТАРДЫ БАСҚАРУ

7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау/6М011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мақсаты кәсіби және әлеуметтік құзыреттілікке бағытталған теориялық және практикалық бағыттар талаптарына сай әзірленген. Жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және үлгілік оқу жоспарына, ал оқу үдерісі жұмыс оқу жоспарына негізделінген. Білім беру бағдарламасы Дублин дескрипторлары мен құзыреттілік жағынан келуді есепке алып, модульдік құрылым ұстанымын басшылыққа алады. Кафедра қызметкерлерінің кәсіби бірлестік өкілдерімен жасаған жұмыстарының нәтижесінде оқыту нәтижелеріне сипаттама беріледі және магистранттың бойында болуға тиіс құзыреттер қарастырылады. Құзыреттердің орындалуын қамтамасыз ететін пәндердің анықтамасы жасалып, модульдерге біріктіледі.

Пәннің құзыреттілігін анықтауда еңбек нарығындағы пікірлер есепке алынады.

Пәндерді оқытудың логикалық жүйелілігі пәндердің үлгілік, оқу-жұмыс бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде пререквизиттер мен постреквизиттер жүйесімен анықталған. Білім беру бағдарламасын жүзеге асырудағы негізгі көрсеткіштер болып саналатын пәннің және мамандықтың оқу-әдістемелік кешендері, жоспардың модульдік құрылымы, элективті пәндер каталогы, ұсынылатын білім беру траекториялары, ОПК құрамы, материалдық техникалық база, кітапханалық-ақпараттық мәліметтердің жаңғыртылуы бойынша ақпараттар жинау және мониторинг жүйесі қалыптасқан. Білім беру бағдарламасы қызметіндегі оқу бағдарламасының академиялық құндылығы өзіндік ойлау қабілеті қалыптасқан және ғылымнан хабардар мамандарды дайындауға бағытталған. Мұнда элективті пәндер каталогы бойынша білім алушыларға тілдік және әдеби бағыттағы білімдерді меңгерту, ғылыми-әдістемелік таңдау мүмкіндігі берілген.

Оқытылатын пәндер бойынша профессор-оқытушылар құрамы дайындаған аудио, бейне дәрістер, бейне-конференциялар «Platonus» АЖЖ-не, YouTube арнасына жүктелген және олар магистранттар үшін қолжетімді. Сілтеме: edu.sirdariya.kz/platon.sirdariya.kz, https://www.youtube.com/user/Sirdariya/videos?disable_polymer=1. Офис тіркеуші және ерікті оқытушылар ҚБТ шеңберінде офлайн тәсілдерді қолдануды ескере отырып, нақты пәндер мен емтихан нысандары бойынша білім алушыларға нұсқама жүргізеді.

«Сырдария» университетінде Platonus платформасында оқытушылардың сабақ өткізуіне және білім алушылардың сабаққа қатысуына, қашықтықтан оқыта отырып, магистранттың алған білімінің нәтижесін бағалау немесе күнделікті магистрант қандай деңгейде білімге қол жеткізіп жатқанын анықтау мақсатында мониторинг ұйымдастырылып, call-центр қызметкерлері ҚБТ аясында прокторинг өткізеді.

Университетте қалыптасқан бағалау кезінде магистранттардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығының көмегімен өлшенеді. Бұл бағалаудың түрі оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және магистранттардың дағдыларының қалыптасу және білімді меңгеру деңгейін байқатады, оқудағы қиындықтарды анықтауға, оқу бағдарламасындағы белгіленген оқу мақсаттарына қол жеткізуге көмектеседі. Сонымен қатар, профессор-оқытушылар мен магистранттар арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді.

ЖОО-ның барлық ПОҚ және білім алушылар ҚБТ іске асыру үшін қажетті жабдықтармен және Интернетке қосылумен қамтамасыз етілген. Платонус ААЖ-ға қосылу мекен-жайлары берілді, жабдықтары жоқ оқытушылар ноутбуктермен қамтамасыз етілген. ЖОО оқытушыларының жазылған дәрістерін жүктеу үшін ЖОО-ның Youtube арнасы құрылған. ЖОО-ның сайтында барлық білім беру бағдарламалары бойынша ПОӘК орналастырылған.

ПОӘК –ті пәннің жүргізілуіне жауапты кафедра жасайды. ПОӘК барлық ББ бойынша магистратураны бітірушілердің моделінің параметрлеріне сәйкес келеді. ПОӘК пәннің типтік немесе оқу бағдарламасы, пәннің жұмыс оқу бағдарламасы, силлабус, семинар сабақтарына дайындалуға арналған материалдардың дәрістік кешені, МӨЖ, ОМӨЖ, аралық және қорытынды бақылауды ұйымдастыруға арналған материалдар, пәнді қамтамасыз етудің ақпараттық-әдістемелік картасынан тұрады. ПОӘК кафедраның жоо-ның және факультеттің әдістемелік кеңесінде талқыланған және бекітілген. Мамандықтың (МОӘК) және пәндердің (ПОӘК) оқу-әдістемелік кешендері толық және білім алушыларға қолжетімді. Қазақстандық еңбек нарығындағы талаптарға сай модульдік білім беру бағдарламасы Дублин дескрипторында белгіленген оқытудың бес басты нәтижесіне: білім мен түсінуге, білімді қолдану мен түсініп қолдануға, талқылауды қалыптастыруға, коммуникативтілік қабілеттерді жетілдіруге, білім алу қабілетін арттыру мен жаңашылдыққа негізделіп жасалған.

Базалық және кәсіби пәндер арнайы жабдықталған дәрісханаларда өтеді. Атаулы дәрісханалар оқу, ғылыми және ақпараттық әдебиеттермен қамтамасыз етілген.

Оқу жоспары мен қойылған міндеттердің орындалуын бақылауды, оларды жетілдіру үшін кері байланысты қамтамасыз ететін білім беру бағдарламасын сараптау және сапасын бағалаудың ішкі үзіліссіз, тиімді механизмі бойынша білім беру бағдарламасын сараптау және бағалау мониторингісі, динамикасы үнемі іске асырылатындығы да расталды.

Электронды журналда магистранттармен кері байланыс тұрақты қамтылған. Сауалнамалар анонимді формада жиі жүргізіледі. Пәнді таңдау электронды формада жүзеге асатындығы, сол арқылы білім сапасын жақсарту шаралары өткізілетіндігі сыртқы аудит кезінде байқалды.

7M01701-Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау/6M011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарында іс-тәжірибенің келесі түрлері қарастырылған: педагогикалық және зерттеу. Іс-тәжірибенің барлық түрлері үшін кафедрада іс-тәжірибе өткізу бағдарламалары бар. ББ-да педагогикалық практика 4 кредитке, зерттеу практикасы 9 кредитке негізделген. Іс-тәжірибелер білім берудің жалпыға міндетті стандартына сай жүзеге асырылады. Кафедрада тәжірибе өтуге арналған 2 келісім-шарт бар, олар Ғ.Мұратбаев атындағы гуманитарлық-техникалық колледжі мен Тілдерді оқыту және дамыту коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Зерттеу практикасы базасы ретінде «Сырдария» университеті нысаны белгіленген. Жұмыс оқу жоспарында көрсетілген кредитке және оқу үрдісіне сәйкес іс-тәжірибе мерзімі анықталады. Кәсіби практика жайлы ақпараттар университет сайтында <http://www.sirdariya.kz> орналасқан.

Кәсіби практикалар студенттің теориялық дайындығын шоғырландыруға және тереңдетуге және кәсіби қызмет саласындағы практикалық дағдылар

мен құзыреттіліктерді, сонымен қатар тәуелсіз кәсіби қызмет тәжірибесін алуға бағытталған.

Кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуы педагогикалық және зерттеу іс-тәжірибе барысында, ҒЗЖ апробациялау конференцияларында жүзеге асырылады (мемлекеттік аттестациялау комиссиясын төрағасының есептері, ББ бітірушілері мен үйренушілердің қызметі туралы жұмыс берушілердің пікірлері, тәжірибе бойынша есептері, білім беру бағдарламасы бітірушілерінің сауалнамасы, әдістемелік секция отырысының хаттамалары).

Ағымдық және қорытынды аттестацияның тапсырмалары, сұрақтары, тестері, емтихан билеттері, практикалық тапсырмалары ПОҚ тарапынан құрастырылып, кафедра отырысында талқыланып бекітілген. (Хаттамалар №7 16.03.2017ж., №9 13.04.2018ж., №7 08.02.2019ж.).

Білім беру бағдарламасы бойынша жоғары білікті кадрлар тартылған. Базалық және бейінді пәндер бойынша тек ғылыми дәрежесі бар оқытушылар сабақ жүргізеді. Білім беру процесінде университеттің материалдық-техникалық базасын тиімді пайдалану қарастырылған.

Білім беру бағдарламаларындағы өзгерістердің қажеттілігі МАК-тың, іс-тәжірибенің қорытынды құжаттарында, жоо жүргізген сауалнама нәтижелерінде, сондай-ақ ,ББ жүзеге асыру нәтижелерін талдауда, оқу және оқу-әдістемелік жұмысты жақсарту бойынша ректораттың шешімі, ПОҚ есептерінде көрініс алған ұсыныстар негізінде анықталады.

Білім беру сапасына тұтынушылардың қанағаттануы білім беру қызметі сапасын бағалаудың негізгі критерийі болып табылады. Тұтынушы тараптардың (жұмыс берушілердің) мамандар сапасы туралы көзқарасын анықтау үшін олардың арасында «Жұмыс берушінің түлектердің дайындық сапасына қанағаттануы» сауалнамасы жүргізіліп тұрады. Сауалнамада түлектердің практикалық дағдыларын күшейту, олардың заманауи компьютерлік бағдарламаларды игеруі, шетел тілін неғұрлым жетік меңгеруіне мүмкіндік жасау және т.б. ұсыныстар жасалынған. Білім беру бағдарламаларын ішкі сараптау барысында негізгі рөлді кафедра атқарады. Сараптау критерийлері элективті пәндердің өзектілігі, магистрлік диссертация тақырыптары, таңдау бойынша пәндерді оқу үшін кредит көлемінің негізділігі, пәндер мен практика бағдарламаларының жұмыс берушілермен келісілуі, практика базаларының мамандарды даярлау бағытына бейімдік сәйкестігі болып табылады. Элективті пәнді білім беру бағдарламасына енгізудің мақсаттылығы білім алушылардың әлеуетті құзыреттілігі контекстінде айқындалады.

7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау/6М011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының ЭПК-на келесі элективті курстар енгізілген, дегенмен білім беру бағдарламасы құжаттарымен танысқанда және аудит кезінде мамандарды даярлау барысында ББ-н жетілдіруге және сапасын арттыруға, білім алушылар мен жұмыс берушілердің талап-тілектеріне назар аудару жағы әлсіз түсіп жатқандығы байқалды. Магистранттардың кәсіби құзыреттіліктерін

қалыптастыратын, оқытудың жаңа технологияларына негізделген, әдістемелік бағыттағы таңдау пәндерінің аздығы бағдарлама мазмұнын жетілдіруді қажет етеді. Теорияны практикамен ұштастыру мақсатында аймақтық ұйымдармен ынтымақтастықты дамыту, мамандарды мақсатты түрде даярлау мәселесіне де назар аударылып, білім беру бағдарламасы мақсаттарын бағалау және таңдау пәндерін толықтыру үшін ПОҚ, қызметкерлер мен білімгерлер, жұмыс берушілер мен басқа мүдделі тұлғалар арасында сауалнамалар жүргізу арқылы білім беру сапасын жандандырып отыру сапаның артуына негіз болары анық. «Қазақ фольклорының көркемдік ерекшеліктері», «Қазақ поэмасының туу тарихы», «Еңсегей бойлы Ер есім (Хандық дәуір әдебиеті)» сынды қамту аясы тар пәндердің оқу үдерісіне енгізілуі бұл мәселенің қайта қарастырылуын қажет етеді.

Ескерту: Мамандардың дайындық сапасын жақсарту мақсатында жұмыс берушілермен қарым – қатынас жолға қойылмағандығы, жұмыс берушілер мен магистранттардың білім бағдарламасын құрастыру үдерісіне қатыспайтындығы, өз ұсыныстарын жасамағандығы жұмыс берушілермен сұхбат кезінде және құжаттармен танысқанда анықталды. Білім беру бағдарламасын әзірлеу үдерісіне жұмыс берушілер мен магистранттарды тарту мәселесі жолға қойылмаған.

Ұсыныс: Білім беру салалары мен еңбек нарығының сұраныстарына сай, тұтынушылардың талабы мен магистранттардың жеке мүдделерін қанағаттандыратын, оқытудың жаңа технологияларына негізделген, пәндік-әдістемелік білімдерін қалыптастыратын элективті пәндерді білім беру бағдарламасының оқу үдерісіне енгізу мәселесі жұмыс берушілер мен магистранттарды тарту арқылы қарастырылсын.

Білім беру бағдарламасының екінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі - елеулі сәйкестік

СТАНДАРТ 3. СТУДЕНТКЕ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ОҚИТУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Білім беру бағдарламасын меңгеру кезінде магистранттар өз бетінше *жеке оқу траекторияларын* анықтайды. Осыған байланысты әр оқу жылының аяғында келесі оқу жылына элективті пәндерді және оқытушыларды таңдау үдерісі іске асырылады. Таңдау кезінде студент үлгілік оқу жоспарына, элективті пәндер каталогына сүйенеді. Соның негізіне магистранттардың *жеке оқу жоспары* құрастырылады.

Ақпараттық жүйедегі силлабустардың электрондық нұсқасынан магистранттар пәннің пререквизиті мен постреквизитін көре алады және пәнді жүргізетін оқытушыны таңдай алады. Бұл оқыту траекториясын дұрыс құруға негіз болады.

Магистранттардың жеке оқу жоспарымен (ЖОЖ) танысқанымызда магистранттарға пәндер мен оқытушы таңдауда еркіндік берілетіні, өз

бетімен әрекет етуге, шешім қабылдауға мүмкіндік жасалатындығына көзіміз жетті. Магистранттардың жеке жоспарының үлгісі Қосымшада келтірілген.

Білім алушылармен тікелей байланыс сауалнама арқылы қамтамасыз етіледі, ол әлеуметтік сауалнама жүргізудің жылдық жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Осы мақсатта білім алушылардың бағдарламалардың, пәндердің сапасына, ресурстардың қолжетімділігіне қанағаттануын бағалауға мүмкіндік беретін әртүрлі сауалнамалар әзірленеді. Сауалнама жүргізу барысында білім алушыларға жабық және ашық сұрақтарға жауап беру, оқуды жақсарту бойынша өз ұсыныстарын енгізу, сауалнама алаңында кез - келген түсініктеме беру ұсынылады. Сауалнамалар мен нәтижелерді өңдеу статистикасын қалыптастыратын, қанағаттанушылық үрдістерін анықтайтын және жақсарту бойынша ұсыныстарды тұжырымдайтын кәсіби маман жүргізеді.

Ағымдық бақылау нәтижесінде студент емтиханға жіберу рейтингісін анықтайтын балл жинайды. Бұл екі аптада бір рет жүргізіліп, оған баға қойылып отырады. Межелік бақылау 8 және 15 апталарда жүзеге асырылады. Бақылау қорытындылары электронды журналға қойылады, бұл игерілген білімді бақылаудың ашықтығын қамтамасыз етеді. Емтихан бағасы мен межелік бақылау нәтижесі біріктіріліп, қорытынды баға қойылады.

Магистранттың жеке оқу жоспарымен (ЖОЖ) танысқанымызда студенттерге пәндер мен оқытушы таңдауда еркіндік берілетіні, өз бетімен әрекет етуге, шешім қабылдауға мүмкіндік жасалатындығына көзіміз жетті.

Әр магистранттың академиялық жетістіктері бойынша, білім алушылардың жетістіктері туралы жүйелі жүргізілетін деректер мен ақпараттарды тіркеу бөлімі мен эдвайзерлер әр сессияның соңында мәліметтер базасына түсіріп отырады. Ол арнайы мониторингтеу мен ақпаратты басқару жүйесінің электронды базасына енгізіліп, университет сайтында жарияланады. Университеттің құрылымдық бөлімшелері магистрантқа білім беру бағдарламасын меңгеруде қажетті жағдайды жасап отырғандығы құптарлық іс.

Кафедрада магистранттың оқу жетістіктерін бағалау үшін заманауи технологиялар қолданылады. Тәжірибелік сабақтарда кафедраның профессор-оқытушылар құрамы, кәсіби құзыреттерді дамыту, белсенді оқыту әдістерін оқу үрдісіне енгізеді: топтық және жеке оқыту, мастер-класс, жеке тәжірибелік демонстрациялар, рөлдік ойындар, бейнефильмдер және т.б.

Кафедра магистранттар бағалау критерийлерімен, емтихандар, аралық бақылау құралдары туралы ақпарат ала алады. Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы барлық пәндердің ОӘК-де көрсетілген критерийлер бойынша дайындайды.

Академиялық талаптарды орындай алмайтын білім алушыларға қосымша кеңес беру немесе қосымша сабақ өткізу түрінде академиялық қолдау көрсетіледі.

Білім беру бағдарламасының мақсаттарын жүйелі түрде сараптау, оларды жүзеге асыру, белгілі нәтижелерді алу білім беру бағдарламасының

аясында оқыту іс-шараларының мазмұны мен нысандарын оңтайландыруға мүмкіндік туғызады. Университетте білімалушылар арасында әлеуметтік сауалнамалар жүргізіліп отырған. Сауалнама мәтіндері білімалушылардың білім беру үдерісін ұйымдастыру, емтихан сессиясы, білімдерін бағалау, шетел профессорларының қонақ дәрістерін, академиялық ұтқырлық бағдарламалары туралы пікірлерін және т.б анықтауға бағытталған. Сауалнама нәтижелері кафедра отырыстарында қаралып отырған. Мысалы, есеп беру кезеңінде «Академиялық ұтқырлық бағдарламаларын ұйымдастырудың сапасы туралы студенттердің бағалауы» (2018-2019), «Студенттердің (магистранттардың) дәрістер сапасын бағалау» (201-2020 оқу жылы) және басқалары. Әрбір сессиядан кейін, келесі семестр басталғанда ЖОО АЖ жүйесінде «Оқытушы студент көзімен», «Білім алушылардың оқу үдерісін ұйымдастыру сапасына қанағаттанушылығы» сауалнамалары жүргізіледі. Магистранттар арасында өткен әлеуметтік сауалнама нәтижесі олардың университет қабырғасында алған білімдеріне толықтай көңілдері толатынын көрсетті.

Сауалнамада білімалушылар оқу бағдарламасының сәйкестігін көрсететін оқудың сапасына қанағаттанғанын көрсеткен. Диссертациялық жұмыстың мазмұны, диссертация тақырыбының маңыздылығы, оқу сапасы, диссертацияны дайындаудың ұйымдастырушылық-әдістемелік және ақпараттық сүйемелдеу деңгейі, ғылыми тәжірибелерді жүргізу, диссертацияны дайындауға ғылыми жетекшілермен ынтымақтастық тиімділігі, білімдерді бағалау жүйесінің тиімділігі сияқты көрсеткіштері бағалау сауалнамасында 100 % бағаланған.

Магистранттардың академиялық үлгерімі, оны жетілдіру әдістері жайлы факультеттің және кафедраның отырыстарында (23.12.17ж. №5 хаттама, 13.01.17 ж. №6 хаттама), (20.02.2018 ж. №9 хаттама, 27.12.2018ж. №5 хаттама), талдау жүргізіліп, оқытудың қазіргі заманғы тәсілдерін қолданумен байланысты өзгерістер, кәсіптік бағдарларды күшейту жолдары енгізіліп отырған.

Факультет мәжілістерінде келесідей мәселелер қарастырылған: «Магистрлік диссертациялардың тақырыптарын бекіту», «Магистранттардың жұмыс жоспарын бекіту» (№2 хаттама 12.09.2018), «Білім алушылардың білім беру сапасына қанағаттану дәрежесі туралы» (№3 хаттама, 31.10.2019 ж.), т.с.с. Қазақ әдебиеті кафедрасының мәжілістерінде магистрлік диссертациялардың тақырыптарын бекіту туралы сұрақтар (№ 02 хаттама 06.09.2017), емтихан сессияларының нәтижелері (10.01.2018 ж. № 6 хаттама, 23.05.2018 ж. №10 хаттама), т.с.с.

Магистранттарды орталықтандырып оқыту үдерісіне аудиториялық сабақтарды қысқарту, өзіндік жұмыстардың көлемін ұлғайту және оларды басқару мен бақылау, бағалауды қажет ететін белсенді оқыту орта элементтерін талап етеді. Белсенді оқыту орта элементтерін қалыптастыруды (электронды оқулықтар, презентациялық материалдар, компьютерлік оқу жүйелері) оқытушылар жүзеге асырады. Магистранттарды орталықтандырып оқыту оқытушылардың оқу жұмыс жоспарын дұрыс құруға, оқу әдістемелік

талдаулар жүргізуге, жаңа оқыту әдіс-тәсілдерін таңдауға, мамандыққа сәйкес компьютерлік қосымшаларды тиімді пайдалануға көмектеседі.

Оқу үдерісін оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етудің сапасын, оқу үдерісіне инновациялық әдістер енгізудің, магистранттардың оқу жетістіктерін бағалау әдістерін жетілдірудің үздіксіз мониторингі Бағалау және мониторинг бөлімімен жүзеге асырылады. Магистранттардың академиялық үлгерімі, әсер етуші факторларды бағалау және оны күшейту әдісі жүйелі түрде кафедраның отырыстарында талқыланады, талдау жасалынады және кәсіби бағытты күшейтуге негізделген, оқытудың заманауи әдіснамасын пайдалануымен байланысты өзгерістер енгізіледі.

Әр магистранттың академиялық жетістіктерін деректер мен ақпараттарды тіркеу бөлімі мен эдвайзерлер әр сессияның соңында мәліметтер базасына түсіріп отырады. Ол арнайы мониторингтеу мен ақпаратты басқару жүйесінің электронды базасына енгізіліп, университет сайтында жарияланады.

Жастар ісі жөніндегі комитет (ЖІК) студенттік басқару формасы болып табылады және оқу үдерісін басқаруда магистранттардың құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында құрылған. ЖІК өз қызметінде ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңымен, 2013 жылғы 27 ақпандағы ҚР Үкіметінің «Мемлекеттік жастар тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР 2020 жылға дейінгі саясаты» заңнамалық актілерін негізге алады.

Университетте магистранттарға әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан көмек көрсетудің барлық жағдайы жасалған. Кешенді психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік консультациялық көмек білім бағдарламасына қатысатын барлық магистранттарға негізделген. Магистранттардың ғылыми-зерттеушілік қызметі жыл сайынғы факультеттердің ҒЗЖ жоспарлары негізінде жүргізіледі. Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру мен дамытудың негізгі мақсаты жоғары кәсіби білімі бар мамандардың ғылыми дайындық деңгейін көтеру, ЖОО-ның, еліміздегі басқа да мекемелері мен ұйымдарының педагогикалық және ғылыми кадрларын толықтыру үшін ғылыми-техникалық үдерістің, экономикалық ойлар мен мәдени дамудың жаңаша жетістіктерінің негізінде талантты жастарды анықтау болып табылады. Зерттеу жұмысының қортындысы дөңгелек үстел, конференция, ғылыми семинарларда баяндалып, басылымдарда жарияланып отырған.

Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау/6M011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасына білім алушы магистранттардың ғылыми бағдарын жақсарту мақсатында академиялық ұтқырлық бағдарламасы жолға қойылған. Ішкі және сыртқы ұтқырлықты дамыту мақсатында бірнеше ЖОО-мен келісімшарттар жасалған: Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, А.С.Пушкин атындағы Ленинград мемлекеттік университеті (Ресей, Санкт-Петербург қ.), И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті (Қырғызстан, Бішкек қ.), С.Аманжолов атындағы Шығыс

Қазақстан мемлекеттік университеті, Аймақтық-әлеуметтік инновациялық университеті, Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, т.б.

Қазақстанның ЖОО-да академиялық ұтқырлықты жоспарлау және ұйымдастыру тәртібі Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылы 12 қазандағы № 563 бұйрығымен өзгерістер енгізілген) сәйкес жүзеге асады. 7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау/6М011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасында білім алушылардың халықаралық мүмкіндікті қамтамасыз ететін құқықтық, әлеуметтік, экономикалық, ұйымдастырушылық, ғылыми шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мақсатында академиялық ұтқырлық бағдарламасы қарастырылған. Дегенмен, білім беру бағдарламасына қатысты халықаралық аспектідегі академиялық ұтқырлық бағдарламасы әлі дұрыс жолға қойылмаған.

Білім беру бағдарламасының аталған бағдарламасы бойынша Ақсақалов Дәурен мен Амантурдиева Фариза 2016-2017 оқу жылының 2-семестрінде Аймақтық Әлеуметтік инновациялық университетінде, ал Бегалиева Мөлдір Ерубайқызы 2018-2019 оқу жылының 3-семестрінде Халықаралық гуманитарлық техникалық университетінде ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы негізінде білім алған.

Академиялық ұтқырлық туралы ереже (ішкі және сыртқы) университеттің сайтында (<http://sirdariya.kz/>) орналастырылған «Университеттің академиялық саясатында» (Университеттің Ғылыми кеңесінің мәжілісінде хаттама №6, 18 наурыз 2020ж. қаралып, бекітілген) көрініс тапқан.

Білім беру бағдарламасы магистранттарға ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысып, зерттеу әдістерімен танысуға мүмкіндік береді. Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру университеттің академиялық саясатына сәйкес орындалады. Әрбір магистрантқа ғылыми жетекші тағайындалады, оның міндетіне мақалалар мен диссертациялық жұмыс жазуға әдістемелік көмек көрсету кіреді. Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына, конференцияларға қатысуға, ғылыми баяндамалар дайындауға, ғылыми үйірмелерде жұмыс істеуге, мақалаларды ғылыми жетекшісімен бірлесе шығару мүмкіндігі мол.

Онлайн аудит кезінде оқу-әдістемелік құжаттарды талдағанымызда, МҒЗЖ нәтижелері және өткізілген ашық оқу-тәрбие жұмыстарымен танысқанымызда магистранттың жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыруға жағдай жасауға бағытталғандығын көрдік.

Әрбір оқытушы, қызметкерлер және білімалушылар «Корпоративті этика Кодекстің» нормаларын ұстана отырып, корпоративті құндылықтарды, университеттің академиялық репутациясын, ішкі мәдени сапаны сақтауға өзіндік үлес қосады. «Корпоративті этика Кодексі» және «Академиялық адалдық Ережесі» оқытушыларға, қызметкерлер мен студенттерге арналған

бірыңғай талаптарды анықтайды. Аталған құжаттар университеттің сайттарында көрсетілген.

Жалпы корпоративті мәдениет саясатын, академиялық адалдық атмосферасын қалыптастыру университетте түрлі механизмдер мен түрлі формалар арқылы жүзеге асады. Оларға пошта жәшіктері мен сенім телефоны, студенттердің өзін-өзі басқару органдарына талаптарын жеткізуі, ректорға, проректорларға, декандарға, кафедра меңгерушілеріне, бөлім басшыларына жеке шыға алуы жатады. Жыл сайынғы студенттердің арасында жүргізілетін магистранттардың білім беру қызметіне қанағаттануы бойынша сауалнамалар, «Таза сеесия» дәстүрлі акциясы, ректордың білім алушылармен дәстүрлі кездесуі, факультет ұжымымен кездесулер өткізіледі. Сондай-ақ, университетте Қоғамдық кеңес құрылған, Жемқорлыққа қарсы стратегиясы әзірленген.

Университеттің корпоративтік желісіне барлық бөлімдердің, кафедралардың, оқу корпусстардың, компьютерлік сыныптардың, электронды оқу залдарының, кітапханалардың локалдық желілері енеді. Корпоративті компьютерлік желі магистранттарды ақпараттық қамтамасыз ету инфрақұрылымын құрайды. Электронды университет жүйесі, яғни барлық оқу корпусстарын корпоративтік компьютерлік желіге біріктіру студенттерге университеттің барлық электрондық базаларына және шетелдік ақпарат базаларына ену мүмкіндігін береді; оқытушылар мен магистранттарға электронды ресурстарды (электронды оқулықтар, мультимедиялық көрсетілімдер, оқыту бағдарламалары) тиімді қолдануға, студенттердің алған білімдерін тексеруге (аралық және қорытынды аттестация шеңберінде компьютерлік онлайн-тестілеу, студенттердің білім үлгерімін тіркейтін оқытушылардың электронды журналдары) жағдай жасайды.

Магистранттардың наразылықтары мен талап-тілектерін анықтау жүйесі ұйымдастырылған. Студенттер жатақханасында, сондай-ақ барлық оқу корпусстарында «Сенім поштасы» жәшіктері орналастырылған.

Білім алушыларға қолдау көрсету қызметі ұйымдастырылған. Оқуға қабылданушымен жасалатын келісім-шарт пен университеттің Қабылдау ережесі негізінде білім алушыларға төлемақыға байланысты әр түрлі деңгейдегі жеңілдіктер қарастырылған.

Өзін-өзі бағалау есебін оқыған кезде және сыртқы аудит барысында оқытудың икемді жолдарын ұсыну; оқытудың түрлі педагогикалық әдістері мен формаларын қолдану; оқытудың нәтижелерін бағалау және өзгерістер енгізу; басшылық пен оқытушы тарапынан студенттің дербестігін ынталандыру мен қолдауды қатар қамтамасыз ету; «білімалушы – оқытушы» қарым-қатынасындағы өзара сыйластық талаптары бойынша жүзеге асырылатындығы белгілі болды.

Магистранттардың басқару ісіне кеңінен тартылуы, студенттердің пәндерді және оқытушыларды, оқыту әдістерін таңдау еркіндігінің жоғары

дәрежесі, пәндерді оқыту сапасына мониторинг жасау және бағдарлама түлектеріне оқытушылар мен жұмыс берушілердің қанағаттанушылықтарын бағалаудың тиімді механизмдердің болуы, Корпоративті этика Кодексін сақтау, Мансап және еңбекпен қамтамасыз ету Орталығының болуы. академиялық кеңес беру қызметінің болуы (оқу-әдістемелік басқарма, офис-регистраторлар, жоғары оқу орнынан кейінгі білім мен халықаралық бағдарламалар басқармасы), академиялық сапаны жақсарту мақсатында ПОҚ қызметін бағалау жүйесінің шынайылығы сынды жағымды тұстарды атап өту ләзім.

Жағымды тәжірибелер:

Жазбаша жұмыстарды орындаудың дербестік дәрежесін бақылау мақсатында университетте мәтіндік құжаттарды тексеру жүйесі - «Антиплагиат» online жүйесі қолданылады. «Антиплагиат» жүйесінде авторын, атауын көрсете отырып өзін-өзі тексеру туралы есеп береді, сондай-ақ бітіруші магистранттар жазбаша жұмыстарын өз бетінше тексеруді сайтта жүзеге асыра алады (<http://www.antiplagiat.ru>).

Өзін-өзі бағалау есебін оқыған кезде және сыртқы аудит барысында оқытудың икемді жолдарын ұсыну; оқытудың түрлі педагогикалық әдістері мен формаларын қолдану; оқытудың нәтижелерін бағалау және өзгерістер енгізу; басшылық пен оқытушы тарапынан студенттің дербестігін ынталандыру мен қолдауды қатар қамтамасыз ету; «білімалушы – оқытушы» қарым-қатынасындағы өзара сыйластық талаптары бойынша жүзеге асырылатындығы белгілі болды.

Ұсыныс:

7M01701-Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау/6M011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының білімалушылары үшін халықаралық және ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыруды жетілдіру.

Білім беру бағдарламасының үшінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

СТАНДАРТ 4. СТУДЕНТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМ, ТАЛУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ

Тұрақты түрде студенттерді қабылдауда жоспарлы түрдегі кәсіби бағдар жұмысы маңызды рөл атқарады. Университетте кәсіби-бағдар жұмысының жылдық жоспары мен оқушылармен кездесу кестесін дайындайтын Мансап және жұмыспен қамтамасыз ету орталығы жұмыс жасап келеді. Орталық жарнамалық өнімдерді дайындайды, Университет сайтында <http://www.sirdariya.kz> университет жайлы 3D форматында виртуалды саяхат енгізілген, факультет сайтында ББ бойынша болашақ маманның кәсіби аясы белгіленген білім беру бағдарламасы туралы толық ақпарат енгізілген.

Сонымен қатар, кеңестер беріледі, тұлғаның кәсіби-маңызды қасиеттерін қалыптастыру үшін психологиялық тренингтер ұйымдастырылады.

Магистранттар контингентін қалыптастыру саясаты қабылдаудың нормативтік талаптарынан, кәсіптік бағдар беру жұмысының формаларынан, университеттің академиялық мүмкіндіктері туралы жұртшылықты ақпараттандырудан, әлеуметтік қолдау тетіктерінен тұрады, соның ішінде оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер, жатақханаларда тұру үшін қолжетімді тарифтер, профилакторийде емделу, студенттік тұрмыстық кешен қызметтері үлкен роль атқарады.

Талапкерлердің қажетті контингентін тарту үшін ЖОО саясаты мен маркетингі, қабылдау шарттары және білім беру бағдарламаларына рұқсат берудің ерекше шарттары жоо сайтында орналастырылған. Сондай-ақ болашақ магистранттар үшін таныстыру презентациялары және олармен жеке әңгімелесулер, БАҚ-та жарнамалық акциялар және ашық есік күндері өткізіледі. Университетте қажетті контингентті тарту үшін білім беру қызметтерінің нарығы зерттеледі, білім беру бағдарламасының бейіні бойынша ұйымдар мен кәсіпорындармен ынтымақтастық туралы келісім-шарттар жасалады, университеттің жарнамалық қызметі жетілдіріледі.

Талапкерлерді конкурс негізінде іріктеу талаптарының деңгейі, түлектердің білім беру стандарты талаптарын орындау дәрежесі, түлектердің еңбек нарығындағы сұранысқа ие болуы, жұмыс берушілердің пікірлері білім беру бағдарламасының нәтижелілігін көрсетеді. Білім беру нәтижелілігі көрсеткіштерін бағалайтын түлектердің еңбек нарығындағы сұранысқа ие болуын дәлелдейтін құжаттар мен жұмыс берушілердің сұраныстары кафедрада жинақталған.

Кездесу барысында магистратура түлектерінің жыл сайынғы жұмыспен қаншалықты қамтылғандығын есепке алып отыру мақсатында еңбек нарығындағы олардың рөлін айқындау жұмыстары жүргізілетіндігі, облыстық Әлеуметтік бағдарламалар және еңбекпен қамтуды үйлестіру басқармасында түлектер жайлы мәліметтер қоры жинақталып, облыстық және аудандық білім басқармаларына бос жұмыс орны мен ваканттық орындар туралы сұраныстар түсірілетіндігі, әрбір оқу жылының соңына «Жас маман» атты білім беру мекемелері өкілдерінің және басқа ұжымдардың ат салысуымен болашақ мамандардың іскерлік қырларымен танысу мақсатында ваканттық бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі өткізілетіндігі белгілі болды.

Бағдарлама түлектерінің еңбек нарығында сұранысқа ие болуы дайындық бейіні бойынша жұмысқа орналасуының жоғары көрсеткіштері екенін білдіреді. Соңғы төрт жылда (2015-2019 о.ж.) білім беру бағдарламасының бітірген магистранттардың жалпы саны 20 болса, соның 19-ы жұмысқа орналасқан, ол 95 % құрайды. Ал білім беру бағдарламасы бойынша 18 бітіруші жұмыс істеуде, ол 92 % құрайды.

Еңбек нарығының сұранысына ие болған бітірушілермен кері байланыс орнатылған. Тұтынушылардың бітірушілерге деген сапалық қанағаттануы

ұйым басшылары тарапынан берілген мінездеме, алғыс хаттар.
www.sirdariya.kz.

Білім беру бағдарламасының мазмұнын аймақтық жұмыс берушілермен келісу; жұмыс берушілерді практикаға басшылық етуге тарту, диссертациялық жұмыстар мен оқытушылардың әдістемелік әзірлемелерін рецензиялау; жұмыс берушілерді мемлекеттік аттестаттау комиссиясының құрамына енгізу; жұмыс берушілердің мамандарды даярлау сапасына қанағаттануын бағалау; жұмыс берушілердің қатысуымен мансап күндерін өткізу сияқты байланыстар болуы керек.

Аудит кезінде кәсіптік бағдар жұмысының жүйелі түрде өткізілетіндігін; педагогикалық тәжірибе өту барысында магистранттардың кәсіптік бағдар бойынша жұмыс ұйымдастыратынын; жұмысқа орналасуына үміт беретін көшпелі семинарлар мен әңгіме-сұхбаттардың өткізілетіндігін; мектеп оқушыларының кафедраның тәжірибелі оқытушыларының жетекшілігімен ҒЗЖ-на тартылып, ғылыми жоба жарыстарына қатысатындықтарын; бітіруші курс магистранттардың түлектермен кездесу өткізетіндіктерін; үгіт-насихат материалдарымен аймақтағы орта мектептерді аралайтындықтарын; түлектерге ақысыз түрде жоспарлы түрде кеңес берілетіндіктерін; БАҚ-та мамандықты жарнамалау сайтында білім беру қызметтері туралы мәліметтер берілетіндігін; кәсіптік бағдар беретін буклеттердің үнемі таратылатындығын; интернет-ресурстарды тегін қолданатындықтарын; Ашық есік күндерін өткізетіндіктерін құжаттармен танысу және сұхбат барысында анықтадық.

Магистранттардың әлеуеттік біліктілігін дамыту мақсатында «Бітірушілер ассоциациясы» ұйымдастырылған. Бұл жөніндегі ақпарат университеттің <http://www.sirdariya.kz> сайтында жан-жақты сипатталған.

Білім беру бағдарламасының төртінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі- толық сәйкестік.

СТАНДАРТ 5. ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ТИІМДІЛІГІ

Профессор-оқытушылар құрамы университеттің міндеттерін жүзеге асыру және миссиясын қамтамасыз ету үшін басты ресурс болып табылады. Осыған байланысты ЖОО кадрларды іріктеуге, даярлауға және қайта даярлауға аса көңіл бөледі. Білім беру бағдарламасын іске асыру базалық білімі сәйкес және ғылыми немесе ғылыми-әдістемелік қызметпен жүйелі түрде айналысатын педагог кадрлармен қамтамасыз етілген. ЖОО профессор-оқытушылар құрамының атқаратын лауазымы біліктілік деңгейіне, белгіленген білім саласындағы ғылыми дайындығының жоғары деңгейіне сәйкес. Барлық оқытушылардың базалық білімі білім беру бағдарламасына сай келеді.

Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамының жеткіліктілігі білім алушыларға пән оқытушыларын таңдауға мүмкіндік береді. ПОҚ құрамының түйіндемелері мен мінездемелері мамандардың практикалық тәжірибесін, іскерлік белсенділігін, оқу, ғылыми, әдістемелік және ұйымдастыру-тәрбиелік қызмет сапасын бірге есептегенде өз қызметтеріне лайықтығын айқын көрсетеді. Оқытушылардың базалық білімдері жүргізетін пәндеріне сәйкес. Құжаттар көшірмесі аталған жетістіктерді айғақтайды. ПОҚ құрамы тұрақты. ББ-на қызмет көрсететін ПОҚ жайлы толық мәлімет беретін түйіндеме қосымшада келтірілген.

Басшылық оқытушылар және қызметкерлермен жұмыс істеу барысында олардың кәсіби және жеке өсуі үшін жағдай жасауды басты назарда ұстайды. Бұған барлық оқытушылар үшін біліктілікті арттырудың кешенді жүйесін қалыптастыруға, қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге және университетте жағымды әлеуметтік ортаны дамытуға, оқытушылар мен қызметкерлердің қызметін материалдық және моральдық ынталандыру жүйесін жетілдіруге бағытталған шаралар кешенін жатқызуға болады.

Білім беру бағдарламасы аясында ПОҚ-тың оқу жүктемелері мен кафедра бойынша оқу пәндерінің бекітілуін, оқу - әдістемелік, ғылыми ізденіс және кураторлық жұмысты қамтыған жеке жұмыс жоспары мен есебін айғақтайтын құжаттар бар. Оқу-әдістемелік бірлестіктің жылдық жоспарлары, өткізілген отырыстардың хаттамалары кафедрада сақталған. ПОҚ -тың жарияланған ғылыми басылымдары (елде және шет елде), оқу құралы мен оқу-әдістемелік құралдары және ПОҚ құзыреттілігіне жалпы баға беретін құжаттар (ашық сабақ, өзара сабаққа қатысу, студенттер сауалнамасы және т.б.) кафедрада жинақталған. Білім беру бағдарламасын сапамен қамтамасыз ету саясатындағы оқыту, ғылыми зерттеу және білім беру арасындағы қарым-қатынас деңгейі сақталған. Есеп беру кезеңінде филология кафедрасының ПОҚ-тың жылдық педагогикалық жүктеме көлемі орта есеппен 700-750 сағатты құрады.

ПОҚ-тың біліктілігін көтеру және қосымша білім беру институты қызметін жақсарту, Thomson Reuters, Scopus, Web of Science электронды деректер базасын пайдалану үшін жағдай жасау, жоғары импакт-факторлы ғылыми журналдардағы жарияланымдар үшін ынталандыру факторлары қарастырылған.

Халықаралық ынтымақтастық бойынша қызмет магистранттардың, ПОҚ және қызметкерлердің халықаралық бағдарламаларға қатысуына ықпал етуге бағытталған іс-шаралар аясында жүзеге асырылады және Interkulturelle Weiter bildungs gesellschaft e.V. (Германия, г. Дюссельдорф), сияқты ұйымдармен, Карлов университеті (Чехия, Прага қ.), Минзу (КНР, г.Пекин), Башқұрстан мемлекеттік гуманитарлық университеті (Ресей, Стерлитамак.), Әлем тілдері университеті (Өзбекстан, Ташкент қ.) және жақын және алыс шетелдердің басқа да жетекші жоғары оқу орындарымен әріптестік жүзеге асырылады.

Жыл сайын университетте дәріс оқу үшін шетелдік жоғары оқу орындарынан, жетекші ұйымдардан жетекші профессорлар шақырылады.

Кафедра оқытушылары оқу құралдары мен магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері оқу-әдістемелік кешендер шеңберінде актімен оқу үдерісіне енгізілген. (Қосымша 17).

Оқытушылардың ғылыми-зерттеу жүктемесі ғылыми мақалаларды, монографияларды дайындауды; ғылыми-техникалық кеңестің, жас ғалымдар кеңесінің жұмысына, конференцияларға, академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысуды; ғылыми жобаларды әзірлеуді және іске асыруды; дипломдық жұмыстарға ғылыми басшылықты қамтиды. Есеп беру кезеңінде кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы.

Кафедра профессор-оқытушылар құрамының соңғы бес жылда 100 мақаласы, 7 оқулық, 3 оқу құралы, 2 монографиясы және 4 электронды оқулық жарық көрген.

ПОҚ-тың ғылыми-зерттеу жұмыстары отандық және шетелдік басылымдарда жарияланып келеді. Ф.ғ.к., доцент Л.У.Абенова және ғылым магистрі Г.А.Раеваның Өзбекстан Республикасы, Самарқандта 2019 жылдың сәуір айында өткен «VI Eurasian Conference on Language Social Sciences» атты конференциясының жинағында «Абай ілімі мен «Мәңгілік Ел» идеясы арасындағы рухани сабақтастық» деген мақаласы жарық көрген.

Университетшілік аттестаттау кезінде оқытушыларды кешенді бағалау шарасы жүргізіледі. Бұл шара «Сырдария» университеті профессор-оқытушылар құрамын аттестаттаудан өткізу туралы ережеде» сипатталған. Аттестаттау оқытушылардың кәсіби дамуы деңгейін бағалауды және олардың атқаратын лауазымдарына сәйкес келу дәрежесін көздейді. Профессорлық-оқытушылық құрамды аттестаттау аясында қолданылатын механизм оқытушылардың функционалдық міндеттері мен университеттің стратегиялық міндеттері контекстінде жұмыс тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Аттестаттау форматы: 1) оқытушының соңғы үш жылдағы ғылыми, оқу және әдістемелік жетістіктерін талдауды; 2) деканның, кафедра меңгерушісінің және факультеттің білім алушыларының оқытушының кәсіби деңгейі туралы пікірін бағалауды; 3) сабақтарды өткізу сапасын сараптауды қамтиды.

Білім алушыларға сауалнама нәтижелері негізінде оқытушылардың қоғамдық рейтингі қалыптастырылды, олар жоғары және орта көрсеткіштері бар топтарға бөлінді. Сұралған білім алушылардың 90% - дан астамы оқытушылардың жұмысына оң баға береді. Жалпы алғанда, сауалнаманың нәтижелері білім алушылардың оқытушылардың кәсіби деңгейімен қанағаттанушылығының жоғары деңгейін, университеттегі тиімді кадрлық саясатты, оқытушылар мен білім алушылардың табысты өзара іс-қимылына ықпал ететін іскерлік психологиялық климаттың болуын куәландырады. Рейтингтің қысқаша нұсқасы университет сайтында орналастырылған <http://www.sirdariya.kz>

Университетте оқытушылардың кәсіби дамуына және оларды ынталандыруға қажетті жағдайлар жасалған. Мысалы, ғылыми кітапхана оқытушыларға барлық оқу ғимараттарында кітап қорын және электрондық ресурстарды тегін пайдалану үшін бірыңғай оқырман билетін ұсынады; тапсырыс берілген кездері электронды жеткізуді жүзеге асырады; халықаралық деректер қорына тегін қол жеткізуді қамтамасыз етеді; халықаралық деректер қорын пайдалану бойынша тренингтерде оқытушыларды тегін оқытуды жүргізеді; кафедра оқытушыларының өтінімдері бойынша әдебиеттің тақырыптық көрмелерін ұйымдастырады.

Кафедраның барлық оқытушылары кредиттік және қашықтықтан оқыту технологиялары жағдайында тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік беретін БЖФ курстарынан өтті. Оқытушылардың әдістемелік деңгейін арттыруға университетте жұмыс істейтін лекторлық шеберлік мектебі ықпал етеді. Есеп беру кезеңінде кафедраның барлық оқытушысы біліктілігін арттырған (кафедраның штаттық құрамының 100%). Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының пайда болуымен факультет оқытушылары магистратурада өз біліктілігін арттыруға мүмкіндік алды. Сонымен қатар, факультет оқытушылары оқу семинарларына қатысып, конференцияларға, түрлі деңгейдегі оқу-ғылыми іс-шараларға қатысып, ғылыми тағылымдамаларды жүзеге асыра отырып, тренингтерде оқып, жаңа оқу курстарын енгізуге мүмкіндік береді.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында, университеттің жоспар-кестесіне сәйкес, кафедра оқытушыларының 90% - ы ҚР ЖОО педагогикалық мамандықтар оқытушыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша тағылымдамадан өтті. ПОҚ-тың біліктілік деңгейі біліктілікті арттыру, машықтану, ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарымен айналысу бағытында үнемі жетілдіріліп отыратындығы өзін-өзі бағалау есебімен танысқанда, сыртқы аудит кезінде және профессор - оқытушы құрамымен сұхбаттасу барысында байқалды.

Университетте мемлекеттік және ағылшын тілдерінде сабақ жүргізетін оқытушылар санын арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. Жыл сайын ПОҚ үшін тілдерді меңгеруді жетілдіру және зерттеу курстары өткізіледі.

Жағымды тәжірибелер:

БББ-ның сапасын арттыру мақсатында өзге ЖОО-ның профессор-оқытушыларымен тәжірибе алмасып, дәріс оқу, семинарлар өткізу кафедрада дәстүрге айналған. Мәселен, 2017-2018 оқу жылында Нархоз университеті Қолданбалы зерттеу институтының менеджері Радько Наталья білім беру бағдарламасы магистранттары мен кафедра профессор-оқытушылар құрамына «Оқытушылардың зерттеушілік қызметін қалай дамытуға болады: Нархоз университеті мысалында» тақырыбында дәріс оқыды, 2017-2018 оқу жылында Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің ректоры, ф.ғ.д., профессор С.Р. Боранбаев «Қазақ тілінің стилистикасы» тақырыбында дәріс өтті.

Сонымен қатар, кафедра оқытушылары да сыртқы академиялық ұтқырлық аясында шетелдегі ЖОО-да дәрістер оқып қайтты. Атап айтсақ, 2017-2018 оқу жылында, яғни 9-22 сәуір аралығында кафедра оқытушысы, философия докторы (PhD) М.А.Нұрбек Қырғызстан Республикасы Бішкек қаласындағы Махмуд Қашқари-Барсқани атындағы Шығыс университетінің білім алушыларына «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» тақырыбында дәрістер оқыды.

2019-2020 оқу жылында кафедра оқытушысы, ф.ғ.к. Л.У.Абенова SILKWAY Халықаралық университетінде 01.11.2019-15.11.2019 күндер аралығында «БББ бойынша оқытушылар мен білім алушыларға дәріс оқу, семинар, мастер класс өткізуге кеңес беру» мәселелері бойынша дәріс беріп қайтты (Қосымша 22).

Кафедра ұжымының жаһандану үдерісіндегі өзгермелі қоғамның әрекеттеріне тез бейімделуі және білім беру саясатындағы бәсекеге қабілеттілігі.

Ұсыныс:

Мамандықтың арнайы ерекшеліктерін ескере отырып, алыс-жақын шет елдермен халықаралық ғылыми-әдістемелік байланыс орнату, зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған мемлекеттік қаржы бөлінетін ғылыми жоба конкурстарына қатысу, магистранттардың тартылуы бағытындағы жұмыстар жандандырылсын.

Импакт-факторлы журналдарда ПОҚ-тың ғылыми мақалалар жариялауы күшейту қажет.

Білім беру бағдарламасының бесінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

СТАНДАРТ 6. МАТЕРИАЛДЫ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР

«Сырдария» университетінің ЖОО кітапханасы оқу үдерісін, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмысын әдебиеттермен және басқа да құжаттармен, сондай-ақ түрлі кәсіби қызмет саласындағы жетістіктер туралы ақпаратпен қамтамасыз етуге арналған.

Болашақ жас ғалымдарды біліммен қаруландыру, олардың шығармашылық, адами қасиеттерін дамытуда аталған бөлімнің қызметі ерекше. Жалпы, университет көлемінде 8 оқу залы мен электронды зал бар: бас ғимаратта 1 оқу залы, 1 электронды оқу залы, 1 мерзімді басылымдар залы, «Жаратылыстану ғылымдары» бойынша білім алатын оқу ғимаратында 1 оқу залы, 2 электронды оқу залы, студенттер үйінде 1 оқу залы, орталық ғимаратта 1 оқу залы 2000-нан астам адамға қызмет көрсетеді.

Кітапханалық қорларға электрондық желі арқылы парақшаларға ену университеттің <http://sirdarya.narod.kz> сайты бойынша жүзеге асады: кітапхананың электрондық каталогы, электрондық кітапхана,

библиографиялық нұсқаулықтар мен тізімдер, алынған ақпараттық қорлар, жаңа кітаптар түсімдері, кітапханаға жазылған мерзімдік басылымдар т.б.

7M01701-Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау/6M011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы білім алушылары пайдаланатын әдебиеттік қор 1 магистрантқа 148,6 бірлікте үлестіріледі.

Университетте заманауи кітапхананы құру үшін кітапхана-библиографиялық үрдістерді *ТОО «Kazakh soft» компаниясы өңдеген «Кабис» (Қазақ автоматтандырылған кітапханалық ақпараттық жүйесі)* лицензияланған бағдарламасы 2014 жылдың қазан айынан кітапханаға сатып алынып енгізілген. Электрондық кітапхана ресурстары бойынша «Сырдария» университеті Қазақстан Республикасының ондаған үздік жоғары оқу орындарының төртінші сатысында тұр.

Wi-Fi ақпараттық желісі тегін қызмет жасайды. Білім алушылардың мүмкіндігін нығайту мақсатында 2010 жылдан бастап Қазақстанның Республикалық университетаралық кітапхана <http://www.rmebrk.kz> базасына қосылған.

Білім алушы магистранттардың ақпараттық ресурстарға деген мүмкіндігі мол. Университеттің лингафон бөлмесі, компьютер (№20, №23 аудитория 23 компьютермен қамтамасыз етілген) класы ғаламтор желісіне қосыла отырып, магистранттардың жаһандану үдерісіндегі қажеттіліктерін қамтамасыз етеді. БББ мазмұнына орай университеттің <http://www.sirdariya.kz> сайтындағы ақпараттар жүйелі түрде жаңартылып отырады.

Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда профессор-оқытушылар мен магистранттардың оқу материалдарын дайындау және ұсынуға дәстүрлі офистік бағдарламалармен қатар заман талабына сай аудио, видео, тестілік, интерактивті презентациялық материалдарды әзірлеу мақсатында Word, Excel, Ispring, Free Quiz, Maker, Power paint, Xrecorder т.б. сияқты бағдарламалық өнімдерді пайдалану мүмкіндігі бар.

Университет «SpringerLink», «Полпред», «Thomson Reuters ISI Web of Knowledge», «Science», «Elsevier», «EBSCO» ақпараттарының мультипәндер қорына (ғылыми электрондық кітапхана тұғырнамасында) жоғары сұранысқа ие ғылыми журналдардың электрондық нұсқаларына, қазақстандық «ҚазПатент», «ҚР стандарттары», «Адам құқығы бойынша сандық кітапхана», «Зан», «РМЭБ» мәліметтер базасына on-line түріндегі қолжетімділікке мүмкіндіктер қарастырылған.

Магистранттар ғылыми электрондық деректер қорына, сондай-ақ университет сайты <http://www.sirdariya.kz> арқылы қол жеткізе алады, «Ғылыми кітапхана» бөлімі, талап етілетін базаны таңдау арқылы таңдалған ресурсқа бағыттау жүргізіледі. Олар: «Science», «ThomsonReuters» Анықтамалық-іздеу ДБ, Elsevier компаниясының ScienceDirect ScienceDirect, Elsevier компаниясының Scopus Анықтамалық-іздеу дерекқоры, Springer баспасының дерекқоры, E-library РҒК, республикалық ЖОО аралық электронды кітапхана (РМЭБ), «Зан», «Параграф».

Бүгінгі таңда университеттің кітапхана қоры барлық қажетті оқу-әдістемелік әдебиеттермен жабдықталған және қазіргі уақытта 350 922 бірлікті құрайды. Жаңа электронды оқулықтар сканерленіп, университеттің электронды кітапханасының сайтына орналастырылды (<http://ko-sirdariya.kz/300-.html>). Барлық сканерленген кітаптар мен оқулықтар университеттің электрондық ресурстар каталогына енгізілген және магистранттар мен оқытушылар ҚБТ жағдайында белсенді қолдана алады (<http://ko-sirdariya.kz>).

Университеттің ресми *Web-сайты* қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде заманауи навигациямен жабдықталған, оған университет тарихы, миссиясы, Университеттің стратегиялық даму жоспары, Сапа саласындағы саясат, Этикалық нормалар кодексі, алқалы органдар, құрылымдық бөлімшелер мен факультеттер, оқытушылар, университеттік байқаулар, халықаралық жобалар, академиялық ұтқырлық бағдарламалары, порталдар туралы ақпарат кіреді.

Университет жыл сайын ақпараттық ресурстарға, компьютерлерге, зертханалық базаларды жабдықтау құралдарына университеттің жалпы қаржы көлемінен қаржы бөлуді көбейтіп отырғандығы қаржы бөлімінің жоспары мен есебінде көрсетілген.

«Филология» кафедрасына тиесілі 3 оқу дәрісхана: №36 Абайтану, №42 «Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі», №29 «Қазақ тілі» дәрісхана бар. Дәрісханалар атауына сай құрал-жабдықтармен жасақталған. Көрнекі құралдар, ғылыми, көркем, техникалық материалдар магистранттарға еркін әрі кең түрде білім алуына ықпал етеді. Санитарлық-қауіпсіздік ережелеріне толық жауап бере алады.

Университет білімгерлері, оқытушылар ақпараттық ресурстармен, кітапхана қорымен, мамандандырылған аудиториялармен қамтамасыз етілген. Электронды залда интернет жүйесі арқылы жұмыс жасауға мүмкіндік жасалған, қызмет көрсетудің инновациялық моделі іске қосылған.

Оқу бөлмелері жиһаз, компьютерлік техника, дәстүрлі және интерактивті тақталармен, көрнекілік стендтермен қамтылған. ПОҚ және магистранттар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша білім алушылардың контингентіне сай соңғы үлгідегі компьютерлер санының артқаны, шет тілдеріндегі оқу және ғылыми әдебиеттердің қоры ұлғайғандығы байқалды.

Ұсыныс:

Аудиторияларды заманауи оқу жабдықтармен, компьютерлік техникамен, интерактивті тақталармен және мультимедиялық проекторлармен, стендтермен жабдықтау және т.б. жағы әлі де болса жетілдірілсін.

Білім беру бағдарламасының алтыншы стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

СТАНДАРТ 7. ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ

Қазіргі таңда жаһанданудың ақпараттық және телекоммуникативтік құралдарын, сонымен бірге білім берудегі озық инновациялық технологияларды педагогикалық тәжірибеге әзірлеу және енгізу барысында ЖОО-ның ақпараттық ауқымын арттыруға бағытталған оқытудың жаңа парадигмаларын қалыптастыру жоғары мектепті дамыта түсудің маңызды стратегиялық міндеті ретінде қарастырылады. Осы ретте «Филология» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы 7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау/6М011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының магистрін даярлауда білім беру бағдарламасының стратегиялық дамуы үшін белсенді коммуникативті ортаны ұйымдастыру, маңызды ақпараттарды жинау, талдау және тарату жолдарын дағдылы түрде қарастырып отырады.

Кафедра оқу үдерісінің түрлі бағытында қажетті мекемелермен байланыс орнатып, бірлескен жұмыстарды атқарады. ПОҚ пен елдің магистрант жастар өздерінің бүгінгі білім мен ғылымға деген өзіндік көзқарастарын, шығармашылық туындыларын, қоғамдағы өзгерістермен байланысты ақпараттарға деген пікірлерін, ой-толғамдарын баспасөз құралдары арқылы да жеткізіп отырады. Облыстың «Оңтүстік Қазақстан», ауданның «Жетісай жаңалықтары», университеттің «7 Сыр», т.б. баспасөздерінде жарияланып отыратын материалдар - осының дәлелі болмақ.

Университеттің даму мақсатындағы кәсіби бағдар және оның нысаны бойынша жүзеге асатын визуалды жарияланымдар магистрлік контингентін тұрақты қамтамасыз етуге септігін тигізетіндігі шындық.

Сонымен қатар, «Сырдария» университетінің барлық бағытындағы әлеуеттік жағдайы туралы мәліметтер <http://www.sirdariya.kz> сайтында жарияланып отыратындығы да құптарлық іс. Оқу орнындағы қоғамдық ақпараттың үздіксіз берілуі жұмыс берушілерге БББ-ны бітірген маманның бойында қалыптасатын негізгі құзыреттіліктерді тануға мүмкіндік береді.

Ақпаратты жинау және зерттеу әдістері білім беру қызметінің сұранысына және үрдісіне сәйкестендіріп, мерзімді түрде қайта қарастырылып, жыл сайын барлық оқу үдерісіне қатысты материалдар білім берудің сұранысына орай жаңартылып отырады.

Университет сайтынан <http://www.sirdariya.kz> институт миссиясын, жаңалықтарын, конкурстар, конференциялар, халықаралық жобалар, ЖМ пен кафедралар жайлы мәліметтер, мамандық және оқытушылар жайлы ақпараттар, мамандықтың электронды оқу-әдістемелік кешендері, элективті курстардың каталогы, элективті курстардың презентациялары туралы ақпараттар жүйелі түрде жарияланатындығы, университеттің стратегиялық жоспары, этика кодексі, нормалар, оқу үдерісі құжаттары, студенттердің тыныс-тіршілігі, кафедра оқытушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстары, ЖОО стратегиялық бағыты туралы ақпараттар, халықаралық конкурстық

жобалар, студенттерді қабылдау шарттары, күтілетін нәтижелер және оқыту әдістері туралы мәліметтер тұратындығы, сайттағы мәліметтер үнемі жаңартылып отыратындығы, респонденттермен кері байланыс орнатылғандығы жайлы мәліметтерді білуге болады. Сайтта оқуға келемін деуші талапкерлер үшін қабылдау ережесі жайлы толық мағлұмат берілген. Мамандық студенттерінің құзыреттілігі, біліктілігі, қызмет жасау нысандары, қызмет түрлері жайлы толық ақпарат көрініс тапқан. Ата-аналармен, студенттермен, оқытушылармен, жұмыс берушілермен ақпараттық технологиялар арқылы кері байланыс жұмыстары жүргізіліп отырады. Сайттағы ақпараттар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде беріледі.

Филология факультеті, шығарушы кафедра және профессор-оқытушы құрамы білімалушыларды даярлауда білім беру бағдарламасының тиімді менеджменті үшін маңызды ақпараттарды жинау, талдау және тарату жүйелі түрде іске асырылып отыратындығы расталды. Университеттің серіктестермен жұмысы, әлем нарығындағы өзгермелі жағдайы университет газетінде үнемі жарияланып отырады.

Университет сайты арқылы берілетін жаңалықтар, қалалық, облыстық, республикалық бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер барлығы қосылып, нәтижесінде университеттің қызметі мен дамуына, болашағына жол ашатындығы да талданған. Кәсіби бағдар жұмысының, яғни қоғамды білім бағдарламасы жайлы ақпараттандыру жұмыстары жоспарлы түрде үзіліссіз жүргізілетіндігін байқадық. Аталған жұмыстардың барлығы контингентінің жыл сайын артуына өзінің септігін тигізеді. Ақпараттық сайтта оқу орны жайлы барлық мағлұмат бар. Сайтта оқуға келемін деуші талапкерлер үшін қабылдау ережесі жайлы толық мағлұмат берілген.

Ата-аналармен, студенттермен, оқытушылармен, жұмыс берушілермен ақпараттық технологиялар арқылы кері байланыс жұмыстары жүргізіліп отырады. Білім беру бағдарламасының ақпараттануының жоғары деңгейде.

Білім беру бағдарламасының жетінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

3 ТАРАУ

ҚОРЫТЫНДЫ

Стандарт 1. Білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты.

Білім беру бағдарламасының бірінші стандарты бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

Стандарт 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару.

Ескерту: Мамандардың дайындық сапасын жақсарту мақсатында жұмыс берушілермен қарым – қатынас жолға қойылмағандығы, жұмысберушілер мен магистранттардың білім бағдарламасын құрастыру үдерісіне қатыспайтындығы, өз ұсыныстарын жасамағандығы жұмыс берушілермен сұхбат кезінде және құжаттармен танысқанда анықталды. Білім беру бағдарламасын әзірлеу үдерісіне жұмысберушілер мен магистранттарды тарту мәселесі жолға қойылмаған.

Ұсыныс: Білім беру салалары мен еңбек нарығының сұраныстарына сай, тұтынушылардың талабы мен магистранттардың жеке мүдделерін қанағаттандыратын, оқытудың жаңа технологияларына негізделген, пәндік-әдістемелік білімдерін қалыптастыратын элективті пәндерді білім беру бағдарламасының оқу үдерісіне енгізу мәселесі жұмысберушілер мен магистранттарды тарту арқылы қарастырылсын.

Білім беру бағдарламасының екінші стандарты бойынша сәйкестік деңгейі - елеулі сәйкестік

Стандарт 3. Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау

Ұсыныс: 7M01701-Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау/6M011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының білімалушылары үшін халықаралық және ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыруды жетілдіру.

Білім беру бағдарламасының үшінші стандарты бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау

Білім беру бағдарламасының төртінші стандарты бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

Стандарт 5. Профессорлық-оқытушылық құрам және оқыту тиімділігі.

Ұсыныс: Мамандықтың арнайы ерекшеліктерін ескере отырып, алыс-жақын шет елдермен халықаралық ғылыми-әдістемелік байланыс орнату, зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған мемлекеттік қаржы бөлінетін ғылыми жоба конкурстарына қатысу, магистранттардың тартылуы бағытындағы жұмыстар жандандырылсын.

Импакт-факторлы журналдарда ПОҚ-тың ғылыми мақалалар жариялауды күшейту.

Білім беру бағдарламасының бесінші стандарты бойынша сәйкестік деңгейі – сәйкес.

Стандарт 6. Материалды-техникалық база және ақпараттық ресурстар.

Ұсыныс:

Аудиторияларды заманауи оқу жабдықтармен, компьютерлік техникамен, интерактивті тақталармен және мультимедиялық проекторлармен, стендтермен жабдықтау және т.б. жағы әлі де болса жетілдірілсін.

Білім беру бағдарламасының алтыншы стандарты бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

Стандарт 7. Жұртшылықты ақпараттандыру

Білім беру бағдарламасының жетінші стандарты бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

Қосымша 1

**ПРОГРАМА
внешнего аудита экспертной группы IQAA
по специализированной аккредитации
университета Сырдария
с 12 по 13 октября 2020 года**

Время	Мероприятие	Участники	Место
11 октября в течение дня	Заезд членов ВЭГ		Гостиница
<i>День 1-й: 12 октября 2020 г.</i>			
До 8:30	Завтрак	Р, ЭГ, К	Гостиница
8:30	Сбор в фойе гостиницы	Р, ЭГ, К	Гостиница
8:50	Прибытие в Университет	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ
9:00-10:00	Брифинг, обсуждение организационных вопросов	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ
10:00-10:30	Встреча с учредителем Сырдария	Р, ЭГ, К, Учредители	Кабинет ВЭГ
10:30-10:45	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ
10:45-11:15	Интервью с ректором Сырдария	Р, ЭГ, К, Ректор	Кабинет ректора
11:15-11:30	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ
11:30-12:00	Интервью с проректорами Университета	Р, ЭГ, К, Проректоры	Кабинет ВЭГ
12:00-13:00	Визуальный осмотр материально- технической и учебно- лабораторной базы по направлениям аккредитуемых образовательных программ	Р, ЭГ, Деканы факультетов, Заведующие кафедрами	Учебный корпус

13:00-14:00	Обед	Р, ЭГ, К	Учебный корпус
14:00-14:30	Интервью с руководителями структурных подразделений МОК	Р, ЭГ, К, РСП	Кабинет ВЭГ
14:30-14:45	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы.	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ
14:45-15:15	Интервью с деканами и заведующими кафедр	Р, ЭГ, К, Деканы, заведующие кафедрами	Учебный корпус
15:15-15:30	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы.	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ
15:30-16:00	Интервью с ППС кафедр по направлениям аккредитуемых образовательных программ	Р, ЭГ, К, ППС кафедр	Кабинет ВЭГ
16:00-17:00	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы. Изучение документации по аккредитуемым образовательным программам	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ
17:00-17:30	Интервью с выпускниками	Р, ЭГ, К, выпускники	Учебный корпус
17:30-17:45	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ
17:45-18:15	Интервью с работодателями	Р, ЭГ, К, работодатели	Учебный корпус
18:15-19:00	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ
19:30	Прибытие в гостиницу	Р, ЭГ, К	Гостиница
19:30-20:30	Ужин	Р, ЭГ, К	Гостиница
День 2-й: 13 октября 2020 г.			
До 8:30	Завтрак	Р, ЭГ, К	Гостиница
8:30	Сбор экспертов в фойе гостиницы	Р, ЭГ, К	Гостиница
8:50	Прибытие в Университет	Р, ЭГ, К	Учебный корпус
9:00-12:00	Выборочное посещение баз практик и учебных занятий. Изучение документации кафедр по направлениям аккредитуемых образовательных программ	Р, ЭГ, Заведующие кафедрами, ППС, Сотрудники	Учебный корпус
12:00-12:30	Интервью со студентами и магистрантами	Р, ЭГ, К, Студенты, магистранты	Учебный корпус
12:30-13:00	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы. Изучение документации по аккредитуемым образовательным программам	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ
13:00-14:00	Обед	Р, ЭГ, К	Учебный корпус
14:00-17:30	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы. Приглашение отдельных представителей кафедр и структурных подразделений по	Р, ЭГ, Заведующие кафедрами, РСП	Учебный корпус

	запросу экспертов. Подготовка отчетов по внешнему аудиту		
17:30-18:00	Встреча с руководством для представления предварительных итогов внешнего аудита	Р, ЭГ, К	Кабинет ректора
	Отъезд экспертов	По графику отъезда	Гостиница

Примечание: Р – руководитель ВЭГ, ЭГ – экспертная группа, К – координатор группы

Қосымша 2

**УЧАСТНИКИ ИНТЕРВЬЮ УНИВЕРСИТЕТА «СЫРДАРΙΑ»
Ответственный за проведение специализированной аккредитации**

№	Ф. И. О.	Должность, ученая степень, звание
1	Абдуллаева Жазира Дайрабаевна	Руководитель отдела менеджмента качества, аккредитации и мониторинга, ст.преподаватель

Руководство университета

№	Ф. И. О.	Должность, ученая степень, звание
1	Мамраимов Серик Даулетович	Ректор к.и.н., доцент

Руководители структурных подразделений

№	Ф.И.О.	Должность, структурное подразделение
1	Абдуразава Перизат Адилбековна	Проректор по научной работе и международным связям, доктор философии (PhD)
2	Абенова Лаззат Усмановна	Проректор по воспитательной работе и социальным вопросам, к.ф.н., доцент
3	Аяшев Ербол Орынбасарович	Руководитель административно-хозяйственного управления,
4	Оралова Зауре Мекенбаевна	Руководитель учебно-методического управления, ст.преподаватель
5	Токмурзаев Бакыт Салманович	Руководитель отдела послевузовского образования, доктор философии (PhD)
6	Досан Укилимай Нахыпбековна	Руководитель отдела кадров
7	Байсалова Атиркуль Абдирахмановна	Главный бухгалтер
8	Малдыбекова Апельсин Сапаровна	Юрист
9	Жанаева Айнур Насирхановна	Руководитель офиса регистрации
10	Раева Гулсим Аскарловна	Директор библиотеки, ст.преподаватель
11	Абуова Баян Усербаевна	Заведующая центром обслуживания студентов
12	Ирсимбетов Нурлан	Заведующий центром информационных и

	Сейсенбаевич	инновационных технологий
13	Ахынова Улбике	Директор инновационного научно-исследовательского центра, ст.преподаватель
14	Жанибекова Акбота Бекмырзаевна	Заведующая канцелярии
15	Шагирбаева Айсауле Дүйсеновна	Специалист корпоративной службы
16	Файзиев Нуржан Сапарханович	Руководитель отдела профессиональной ориентации и занятости, ст.преподаватель
17	Козыбай Абай	Заведующий музеем, ст.преподаватель
18	Доскараева Меруерт Абдималиковна	Руководитель сектора академической мобильности, ст.преподаватель
19	Аширбаева Акнур Данибековна	Руководитель «Отдел молодежи»

Декан факультета

№	Ф.И.О.	Ученая степень, звание, с какого года работает в университете
1	Исаева Кулайна Алихуловна	Исполняющий обязанности декана факультета "Естествознание", ст.преподаватель
2	Мейрбеков Мырзабай Балтабаевич	Декан факультета "Филология и гуманитарное образование" к.и.н., ст.преподаватель
3	Сапарбаева Улданай Алибековна	Исполняющий обязанности декана факультета "Дизайн и искусство" ст.преподаватель
4	Елшибаев Сарсенбек Кулишович	Декан факультета "Правоведение, экономика и дистанционное обучение" к.и.н., ст.преподаватель

Заведующий кафедрой

№	Ф. И. О.	Ученая степень, звание, с какого года работает в университете
1	Орманова Зауре Курбанбайовна	Заведующая кафедры "Педагогика и психология" к.п.н., доцент
2	Кокымбаева Торгай Игеновна	Заведующая кафедры "Образовательные технологии" к.п.н., доцент
3	Кобланова Онгаркул Нурмаханбетовна	Заведующая кафедры "Естественных наук" к.х.н., доцент
4	Кужагулова Гулнар Есеновна	Заведующая кафедры "Искусство" к.п.н., доцент
5	Жанабаев Жолдас Дүйсенбаевич	Заведующий кафедрой "Программное обеспечение" к.тех.н., доцент
6	Жолдасов Сазахан Аманович	Заведующий кафедрой "Высшая математика и физика" к.т.н., доцент

7	Апашева Сабира Нурбаевна	Заведующая кафедры "Отечественная и зарубежная история" к.и.н., доцент
8	Нурбек Мурат Анарбаевич	Заведующий кафедрой "Филология" доктор философии (PhD)
9	Авдонин Владимир Викторович	Заведующий кафедрой "Иностранные языки" к.ф.н., доцент
10	Утенов Жумахан	Заведующий кафедрой "Экономика и право" к.ю.н, доцент

ПРЕПОДАВАТЕЛИ ВЫПУСКАЮЩЕЙ КАФЕДРЫ «ФИЛОЛОГИЯ»

№	Ф. И. О.	Должность	Ученая степень и звание
1	Балтабаева Гаухар Саядиловна	Старший преподаватель	Д.ф.н.
2	Боранбаева Актолкын Райысбековна,	Старший преподаватель	Доктор философии (PhD), и.о. асоц. проф.
3	Байболова Айжан Жанасбековна	Старший преподаватель	Магистр наук
4	Сейлиханова Нагима Кидиргелдиевна	Старший преподаватель	Магистр наук
5	Муса Нурбала Бекболатовна	Преподаватель	Магистр наук

Магистранты

	Ф.И.О.	Курс
	Жангир Мадина Сабитовна	2-курс
	Досан Үкилимай Накыпбековна	2-курс
	Данияр Асылбек Курбанулы	2-курс
	Убайдина Гулжан Турарбековна	2-курс
	Койтанова Гулия Абдикадыровна	2-курс
	Беркинбай Айшолпан Нуржанкызы	2-курс

Представители работодателей

№	Ф.И.О.	Место работы, должность
1	Баймаханова Лаззат Алгибаевна	Туркестанская область, Жетысайский район, город Жетысай Гуманитарно-технический колледж имени Г.Муратбаева, директор
2	Курбанбаева Жулдыз Сайфутдиновна	Туркестанская область, Жетысайский район, город Жетысай КГУ «Центр обучения и развития языков» Жетысайского района, руководитель
3	Құлахметов Бауыржан Конарбаевич	Туркестанская область, Шардаринский район, г.Шардара Специализированная школа-интернат №3 имени Маулена Калмырза, директор
4	Тулупов Данияр Рысбаевич	Туркестанская область, Шардаринский район, г.Шардара КГУ "Общая средняя школа №12", директор
5	Спатаева Бакытгул Курбановна	Туркестанская область, Мактааральский район, Поселок Мырзакент КГУ "Общая средняя школа №3 имени А.Пушкина", заместитель директора по учебной работе

Выпускники

№	Ф.И.О.	Специальность, год окончания	Должность, место работы, Контактные данные (моб.тел.)
1	Ермекбай Ермахан Жанабайұлы	6М011700- «Казахский язык и литература», 2019	Учитель, Общая средняя школа №21 Мангистауский область, город Жанаозен, 4-микрорайон, 10/81
2	Эшмурадов Максат Кодиркулович	6М011700- «Казахский язык и литература», 2020	Учитель, КГУ "Жетысайская районная специализированная школа-интернат "Дарын" Туркестанская область, Жетысайский район, город Жетысай
3	Батырханова Светлана Батырхановна	6М011700- «Казахский язык и литература», 2020	Преподаватель, Университет «Сырдария» Туркестанская область, Жетысайский район, город Жетысай
4	Аскарова Гулзада Холиевна	6М011700- «Казахский язык и литература», 2020	Учительница, КГУ "Общая средняя школа №3 имени Ю.Гагарин" Туркестанская область, Жетысайский район, город Жетысай
5	Махимова Ширин Сатыбалдиевна	6М011700- «Казахский язык и литература», 2019	Учительница, КГУ "Общая средняя школа №60 имени Кызылқум" Туркестанская область, Жетысайский район, с/о Кызылқум
6	Есентаев Нурлан Амангельдиевич	6М011700- «Казахский язык и литература», 2012	Учитель-модератор, Назарбаев Интеллектуальная школа (НИШ) город Чимкент, мкр Нурсат
7	Толегенова Дина Мелдебекқызы	6М011700- «Казахский язык и литература», 2011	Преподаватель, Университет «Сырдария» Туркестанская область, Жетысайский район, город Жетысай

*Қосымша 3***ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ**

Эксперттік топтың сыртқы аудит кезінде танысқан құжаттар тізбесі келесі кестеде беріледі

№	Название документа	Дата утверждения
1.	«Сырдария» университетінің 2020-2025 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспары	Ғылыми кеңестің мәжілісінде қаралып, бекітілген. №8 хаттама, 26 ақпан 2020 жыл
2.	«Филология» кафедрасының 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспары	Кафедра отырысында қаралып, бекітілген. №9 хаттама, 12 наурыз 2020 жыл
3.	Университет Ережесі	Ғылыми кеңестің мәжілісінде қаралып, бекітілген. №4 хаттама, 28 08. 2019 жыл
4.	7М01701-Қазақтілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының төлқұжаты	«Сырдария» университетінің ректоры бекіткен. 25.04.2019
5.	7М01701-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының жұмыс-оқу жоспары	Ғылыми кеңестің мәжілісінде қаралып, бекітілген. №7 хаттама, 25.04.2019
6.	Элективті пәндер каталогы	Ғылыми кеңестің мәжілісінде қаралып, бекітілген. №7 хаттама, 25.04.2019

7.	http://www.sirdariya.kz .	Университет сайты
8.	platon.sirdariya.kz	Platonus жүйесінің интернет-адресі
9.	http://ko-sirdariya.kz/300-.html	Сканерленген электронды оқулықтар сайты.
10.	http://sirdarya.narod.kz	Кітапханалық қор.
11.	Магистранттардың диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін қайта бекіту туралы	Бұйрық № 1811, 29.08.2019 «Сырдария» университеті Ғылыми кеңесі
12.	Магистранттардың жеке жұмыс жоспары	«Сырдария» университетінің ректоры бекіткен. 05.09.2018
13.	«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының 2018-2019 оқу жылына арналған жұмыс жоспары	«Гуманитарлық білім» факультетінің деканы К.А. Исаева бекіткен. 22.06.2018.
14.	«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының 2019-2020 оқу жылына арналған жұмыс жоспары	«Гуманитарлық білім» факультетінің деканы Н.Б. Шегенбаев бекіткен. 15.06.2019.
15.	«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспары	«Гуманитарлық білім» факультетінің деканы А.Р. Боранбаева бекіткен. 20.06.2020
16.	«Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеті» пәнінің ОӘК-і .	«Гуманитарлық білім» факультетінің деканы А.Р. Боранбаева бекіткен. 20.06.2020
17.	"Антиплагиат" АҚ лицензиялық бағдарламасы	Мәскеу қаласы «Антиплагиат» акционерлік қоғамының бас директоры Фунтова Виталия Анатольевичпен жасаған келісім-шарт. 27 ақпан 2020 жыл.
18.	Кафедра профессор-оқытушылар құрамының соңғы бес жылда шығараған 7 оқулық, 3 оқу құралы, 2 монографиясы және 4 электронды оқулық.	Мұқабаларының көшірмелері
19.	ПОҚ түйіндемесі	Қосымша 16